



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ




ИНФЛЯЦИЯЛЫҚ КҮТУЛЕР ҚАҢТАР 2026

2026 жылғы қаңтарда қысқа мерзімдегі инфляциялық күтулер 14,2%-ға дейін төмендеді. Алайда жауаптардың құрылымы белгісіздік деңгейі әлі де жоғары екенін көрсетеді. Нақты санмен бағалай алмаған респонденттердің көбісі баға қазіргі қарқынмен өсе береді немесе одан әрі жеделдейді деп болжайды. Бес жылғы инфляцияны күту де біршама төмендеп, медианалық мәні 13,8%-ға түсті. Осыған қарамастан, инфляциялық күтулер жалпы алғанда жоғары деңгейде қалып отыр. Бұл халықтың проинфляциялық факторлар күшеюіне байланысты әлі де алаңдаулы екенін аңғартады.

Халықтың инфляциялық күтулері

2026 жылғы қаңтарда алдағы 12 айда күтілетін инфляцияның медианалық мәні¹ сәл түсіп, 14,2%-ға төмендеді (2025 жылғы желтоқсанда – 14,7%) (1-график). Көрсеткіш соңғы үш айдағы орташа деңгейге сәйкес келді. Жауаптар құрылымында бір жылдан кейінгі инфляцияға санмен баға беруге қиналатын респонденттердің үлесі әлі де көп. Сонымен қатар нақты жауап бере алмағандардың ішінде баға бұрынғыдан да жылдамырақ өседі деп болжағандар мен баға қазіргі деңгейде өседі деп есептейтіндердің үлесі көбейді. Бұл инфляциялық күтулерін санмен нақтыламаса да, олардың арасында инфляция жоғары болады деп болжайтындардың көп екенін көрсетеді. Сонымен қатар бес жылдан кейінгі инфляцияның медианалық мәні де төмендеп, 13,8%-ға түсті (2025 жылғы желтоқсанда – 14,3%).

1-график. Респонденттердің инфляциялық күтулері, %



Дереккөз: Халықтан алынған сауалнама нәтижелері, FusionLab

2-график. Алдағы баға өсіміне әсер ететін факторлар




Дереккөз: Халықтан алынған сауалнама нәтижелері, FusionLab

2026 жылғы қаңтарда респонденттер бағаның өсуіне әсер еткен басты факторлар ретінде азық-түлік бағасының қымбаттауын, коммуналдық қызметтер тарифін, бензин мен

дизель отыны бағасының өзгеруін атады (2-график). Сонымен қатар алдағы уақытта баға өсіміне әсер ететін фактор ретінде қосылған құн салығының өсуін көрсеткендердің үлесі айтарлықтай артты. Ал айырбас бағамына байланысты фактор теңгенің номиналды бағамының нығаюы аясында біртіндеп әлсірей түсті.

3-график. Респонденттерге сезілген (кейінгі 12 айдағы) инфляция мен нақты инфляция, %



Дереккөз: Халықтан алынған сауалнама нәтижелері, FusionLab, ҚР СЖРА ҰСБ


2026 жылғы қаңтарда кейінгі 12 айда сезілген инфляцияның медианалық мәні 12,1%-ға дейін төмендеді (2025 жылғы желтоқсанда – 12,8%). Бұл жылдық инфляцияның біртіндеп баяулауына байланысты болды. Үш айлық тегістелген көрсеткіш 12,6% болды (3-график).

2026 жылғы қаңтарда азық-түлік бағасының айтарлықтай өскенін айтқан респонденттердің үлесі 81,7%-ға жетті (2025 жылғы желтоқсанда – 78,8%). Ал азық-түлік емес тауарлар бағасының өскенін көрсеткендер – 8,4% (10,4%), ақылы қызметтер бойынша – 6,3% (7,6%) болды.


Азық-түліктен респонденттер ең алдымен ет өнімдерінің, жеміс-жидек пен көкөністің, ірімшік пен шұжықтың қымбаттағанын атап өтті. Азық-түлікке жатпайтын тауарлар қатарында дәрі-дәрмек пен медициналық препараттар, тұрмыстық химия, киім мен аяқкиім бағасының өсуі жиі аталды. Ақылы қызметтер арасында тұрғын үй-коммуналдық қызметтер, интернет пен ұялы байланыс, сондай-ақ медициналық қызметтер бағасының өсуі басым болды (4-график).

Азық-түліктен респонденттер ең

4-график. Жиі аталатын тауар мен қызмет түрлері



Азық-түлік емес тауарлар мен қызметтер




Дереккөз: Халық арасында жүргізілген сауалнама нәтижелері, FusionLab

* Сұрақ 2018 жылғы наурыздан бері қойылып келеді. Салыстыра талдау жүргізу үшін орташа мән 2021 жылға дейінгі деректер негізінде есептелді, өйткені одан кейінгі кезеңдерде инфляция деңгейі айтарлықтай жоғары болды.

Халықтың тұтыну көңіл күйі

2026 жылғы қаңтарда тұтыну көңіл күйі индексі 99,6 болды (2025 жылғы желтоқсанда – 103,3) (5, 6, 7-графиктер). Күтуді бағалауда алдағы бір жылдағы ел дамуының перспективаларына берілген баға жақсарды.

Ал қазіргі жағдайды бағалауда қомақты ақшаға сауда жасауға әзір болу мен кейінгі бір жылдағы жеке материалдық жағдайдың өзгеруіне қатысты көрсеткіштер төмендеді.


5-график. Тұтыну көңіл күйі индексі²

Дереккөз: Халық арасында жүргізілген сауалнама нәтижелері, FusionLab

6-график. Күтулерді бағалау



7-график. Қазіргі жағдайды бағалау




Дереккөз: Халық арасында жүргізілген сауалнама нәтижелері, FusionLab

Кәсіпорындардың баға өсіміне қатысты күтулері сәл бәсеңдеді

2025 жылғы төртінші тоқсанда жалпы экономикадағы кәсіпорындар өндіретін тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің қымбаттау қарқыны сәл баяулады. Бұл ретте ауыл шаруашылығы мен жылжымайтын мүлік операциялары саласында өсімнің біршама жеделдегені байқалса, электрмен жабдықтау секторында баға өсімі, керісінше, баяулаған. Кәсіпорындардың күтуі бойынша 2026 жылғы 1-тоқсанда баға өсімінің қарқыны біршама үдейді, есесіне, салалар бойынша күтулері әртүрлі болып шықты: айтарлықтай жоғары қарқын болады деп күтушілер жылжымайтын мүлік операциялары мен өңдеу өнеркәсібімен айналысатын кәсіпорындар болды, ал өзгелер қарқынның үдеуі я бәсеңдейді, я сәл ғана артады деп күтеді (8-график).


8-график. Кәсіпорындарда дайын өнім бағасының өзгеру динамикасы, диффузиялық индекс³



Дереккөз: Ұлттық Банктің нақты сектор кәсіпорындарына жүргізген мониторинг нәтижесі
Кәсіпорындар арасындағы сауалнама әр тоқсанда бір рет жүргізіледі

Кәсіпорындардың басым бөлігі үшін дайын өнім бағасын қалыптастыруда ең маңызды фактор – шикізат пен материал бағасы (77,3%). Одан кейін сұраныс деңгейі (75,3%), алым-салықтар (69,0%), сондай-ақ еңбек шығындары (66%) шешуші рөл атқарады. Кәсіпорындардың бағалауынша, 2025 жылғы төртінші тоқсанда дайын өнімге сұраныс аздап артқан, ал шикізат пен материал бағасының, импортталатын өнімдер бағасының және орташа жалақының өсу қарқыны баяулаған. 2026 жылғы бірінші тоқсанда бұл үрдіс сақталады, бірақ сұраныстың анағұрлым айқын өсуімен қатар жүреді деген болжам бар (9-график).

9-график. Кәсіпорындарда дайын өнім бағасын қалыптастыратын факторлардың динамикасы, диффузиялық индекс³



Дереккөз: Ұлттық Банктің нақты сектор кәсіпорындарына жүргізген мониторинг нәтижесі
Кәсіпорындар арасындағы сауалнама әр тоқсанда бір рет жүргізіледі

ЕСКЕРТПЕ

¹ 2022 жылғы қаңтардағы инфляциялық күтулерді сандық бағалау/медианалық бағалау жарияланған жоқ. Себебі 2022 жылғы қаңтардағы сауалнама нәтижелеріне қаңтарда елде болған оқиғалар әсер етті. Бұл респонденттердің аз болуына және алдыңғы деректерден алшақтауына әкелді.

Сезілетін инфляцияның медианалық бағалауы мына сұрақ негізінде есептелген: сіздің ойыңызша, соңғы 12 айда тауарлар мен қызметтердің бағасы қаншаға өсті? Күтілетін инфляцияның медианалық бағалауы мына сұрақ нәтижелері негізінде есептелген: сіздің ойыңызша, келесі 12 айда тауарлар мен қызметтердің бағасы қаншаға өседі?

2025 жылғы қаңтардан бастап күтілетін және сезілетін инфляцияның медианалық бағаларын есептеу кезінде 2-4 п.т. аралықтар пайдаланылады, оған дейін – 4 п.т.

² Тұтыну көңіл күйі индексі: жеке индекстердің орташа мәні:

- кейінгі жылдағы жеке материалдық жағдайдың өзгеруі;
- алдыңғы жылдағы жеке материалдық жағдайдың өзгеруі;
- алдыңғы жылдағы елдің даму перспективалары;
- алдыңғы 5 жылдағы елдің даму перспективалары;
- қомақты сауда жасау.

Қазіргі жағдай индексі: жеке индекстердің орташа мәні:

- кейінгі бір жылда жеке материалдық жағдайдың өзгеруі;
- қомақты сауда жасау индексі.

Тұтынушылық күтулер индексі: жеке индекстердің орташа мәні;

- алдағы жылдағы жеке материалдық жағдайдың өзгеруі;
- алдағы жылдағы елдің даму перспективалары;
- алдағы 5 жылдағы елдің даму перспективалары.

Сандық мән оң және теріс жауаптардың +100 арасындағы айырмашылығы ретінде есептелетін жауаптардың балансы. Индекс мәні 0-ден 200-ге дейін өзгеруі мүмкін. 100-ден жоғары мән – оң мәндердің, 100-ден төмен – теріс мәндердің басым екенін білдіреді.

³ Диффузиялық индекс (ДИ) – оң жауаптардың үлесі мен өзгеріссіз қалды деген жауаптардың жартысының қосындысы. ДИ – қарастырылып отырған көрсеткіштің өзгеру динамикасын сипаттайтын жинақталған индикатор. Көрсеткіш мәні 50-ден жоғары болса – оң өзгерісті, төмен болса – кері өзгерісті білдіреді. Индекс мәні 50-ден қаншалықты алшақ (жоғары немесе төмен бағытта) болса, көрсеткіштің өсу қарқыны (артуы немесе кемуі) соғұрлым жоғары болады.

Респонденттер саны: 3 482 кәсіпорын. Маусымдық факторлар ескерілген деректер. Кәсіпорындарға қойылған сұрақ: «Сіздің кәсіпорында дайын өнімінің бастапқы бағасы қалай өзгерді/өзгермеді?»

2026 жылғы 1-тоқсанда кәсіпорындардың күтулері берілді